

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

В. А. Шнайдер, Ф. Қ. Резуанова

¹Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы;

e-mail: ¹wladimir_a@mail.ru; ²galiabanu_k@mail.ru

КЕЙБІР ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ S, Š, Z, Ž ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада тарихи фонетикаға байланысты бұрын-соңды зерттелмеген тың мәселе көтеріледі. ХІХ ғасырдағы түркі тілдеріндегі s, š, z, ž дауыссыз дыбыстар тіркесімінің сөз басында қолданылу ерекшелігі туралы айтылып, оның қазіргі қазақ тіліндегі көрінісіне талдау жасалады. Көтеріліп отырған мәселе Брюке, Сиверс, Лепсиус, Радлов еңбектеріне сүйене отырып қарастырылады. Зерттеу жұмысына нысан етіп алынып отырған с-ш дыбыстарының түркі тілдерінде алмаса қолданылу заңдылығы сөз етіледі. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің басқа көптеген түркі тілдерінен ерекшеленетін басты бір фонетикалық белгінің бірі «ш» дыбысының жсіі қолданылуы болып табылады. Қазақ тілінде «с» дыбысы қолданылатын орында бірқатар түркі тілдерінде тек сөз басында ғана емес, сөз ортасы мен аяғында да «ш» дыбысы қолданылады. Авторлардың айтуынша, қазіргі қазақ әдеби тілі мен говорларына көз жүгіртсек, бір тілдің өзінде түркі тіліне бейімді с<ш алмасуларын аңғаруға болады. Тіпті кейбір с-ш алмасуы ауызекі тілде де, әдеби тілде де қатар да қолданылу фактілерінің болуы нақты мысалдармен тұжырымдалады. Көркем әдебиетте олардың, керсінше, яғни «ш» дыбысының орнына «с» дыбысының қолданылатынынына көңіл аудартады. Қазақ тілінде сөз басында «ш» дыбысы қолданылатын орында басқа түркі тілдерінде қандай дыбыстар жұмсалатыны сөз болады.

Кілтті сөздер: дауыссыз дыбыстар, түркі тілдері, ерекшеліктері, айырмашылығы, ұқсастығы, алмасуы, қолданылу, диалект, қазіргі қазақ тілі

Кіріспе

Сөз ішінде дауыссыз дыбыстардың қолданылуы әр түрлі түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгісі болып табылады. В. В. Радлов өзінің «Фонетика» еңбегінде әр диалектіде (ғалым түркі тілдерін диалекті терминімен көрсетеді – авт.) сөз басындағы дауыссыз дыбыстарға жеке-жеке тоқталып, мысалдар арқылы бекітіп, жеке түркі тілінің айырмашылығын немесе түркі тілдерінің сөз басында белгілі бір дыбысты қолданудағы ұқсастықтарын айқындаған.

Біз әңгіме етпек болып отырған дыбыстардың физиологиялық сипатын В.В.Радлов заманының көрнекті ғалымдары Брюке, Сиеверс, Лепсиус еңбектеріне сүйене отырып былайша ұсынады:

s (с) [Брюкеде s1, Сиеверсте s2] үнсіз, альфеольді жасалған спирант дауыссыз дыбыс. Айтылуы барысында тіл қозғалысы үлкен санылау (канавка) құрайды. Бұл дыбыс орыс тіліндегі «сам, сад» сөздеріндегі «с» дыбысы тәрізді, неміс тілінің «s» дыбысына ұқсас айтылады. Кейбір жеке адамдар «s» дыбысын айтуда тіл ұшын жоғары таңдайға тигізеді. Сөз басында көптеген диалектілерде, мысалы, қырғыз тілінде өте тұрақты. Солай болуы нәтижесінде салдыр арқылы да айтылады [1, XY].

В. В. Радлов «с» дыбысының сөз басында қолданылуы жөнінде келтіріп отырған мысалы қазіргі қырғыз тілі болса керек, себебі қазақ тілі үшін бұл дыбыс көпшілік жағдайда тұрақсыз болып «ш» дыбысымен алмасып қолданылады.

š (ш) [Сиеверсте š2] үнсіз, тіл алды спирант дыбыс. Тіл денесінің жалпайып көлденең болуынан жасалады. Брюке бұл дыбысты (s1, x2 немесе s2, x3) екі дыбыстың қолданысы деп түсінеді. Бұл дыбыс неміс тілінің «sch», орыс тілінің а, о, у дауыстыларынан кейін келетін «ш» дыбысына сай [1, XY]. Қазіргі қазақ тіліндегі «ш» дауыссыз дыбысына сәйкес келеді.

z (з) [Сиеверсте z2, Брюкеде z1] «s» дыбысына дыбысталуы сәйкес келетін үнді, спирант дыбыс. Орыс тілінің «з» дыбысына, неміс тілінің «sehen» сөзіндегі «s» дыбысына сай [1, XY]. Дыбысталуы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі «з» дыбысына ұқсас болып келеді.

ž (ж) [Сиеверсте ž, Брюкеде žu] «ш» дыбысына айтылуы сәйкес келетін үнді, спирант дыбыс. Француз тілінде «jouir» сөзіндегі «j» немесе орыс тіліндегі «ж» дыбысына айтылуы ұқсас [1, XY]. Қазіргі қазақ тіліндегі «ж» дыбысына сай келетін дыбыс.

Дара тіл алды дауыссыздарға қарағанда ызың «š» дыбысы көпшілік диалектілерде кездеседі (Абақан диалектісіндегі кейбір говорлардан басқа) және айтылуда үнді ызың «ž» дыбысына ұқсас болып келеді. Ол тек, негізінен, шығыс диалектілерде және қырғыз тіліне тән болып келеді. Бұдан басқа Орта Азия және оңтүстік диалектілерде кездеседі. Палатальданған тіл

алды «š», «ž», «z» дыбыстары тек Волга диалектісінде, ал «s» тек Башқұрт диалектілерінде кездеседі.

Зерттеудің нысаны: түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың сөз ішінде қолданылу ерекшеліктері

Зерттеудің пәні: түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесі

Зерттеудің өзектілігі: Тарихи фонетика, түркі тілдері дауыссыздар жүйесін зерделеу нәтижесінде қазіргі қазақ тілі консонантизм жүйесімен ұқсастығы, я болмаса, айырмашылықтарын саралап, тілдің даму деңгейін айқындау тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Мақсаты: түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі «s», «š», «ž», «z» дыбыстарының қолданылу ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау.

Міндеттері:

түркі тілдеріндегі кейбір дауыссыз дыбыстарының қолданылу дәрежесін анықтау;

«s», «š», «ž», «z» дауыссыз дыбыстарының түркі тілдерінде қай позицияда қолданылатынын айқындау.

Зерттеудің өзектілігі және теориялық негіздері мен практикалық маңызы

Тіл тарихына қатысты пәндерді оқытуда қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Еңбекте сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы кейбір түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі «s», «š», «ž», «z» дыбыстарының қолданылу позициясы айқындалып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

Түркі тілдеріндегі құранды (күрделі) тіл алды дауыссыздар ішінде «č» дыбысы негізінен түркі сөздерінде кездеседі, ал «ğ» (d+ ž) керсінше, кірме сөздерде қолданылады. Мысалы, čaq (шақ), čuk (шық), čıqa (мата), čürü (шіру), сол сияқты ğıġaq (бүйрек), ğap (жан), ğadi (жалмауыз), ğütlä (бәрі), ğäpk (соғыс, ұрыс). Әсіресе, тіл алды спирант дыбыстар ішінде үнсіз «s» және «š» дыбыстары негізінен түркі сөздерінде қолданылса, кірме сөздерде ز, ض, ط таңбалары арқылы белгіленетін үнді «z» дыбысы қолданылады. Мысалы, zıkiġ (хабар), zängin (бай), zätaġ (заман), zaġaq (залал, зиян), zalit (залым) [1, ХҮІІІ].

В. Радлов XIX ғасырдағы кейбір түркі тілдеріндегі s, š, z, ž дауыссыз дыбыстардың қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып төмендегідей тұжырымдарын ұсынған.

Ол өзінің «Фонетикасында» түркі тілдерінің басым көпшілігінде «š» және «s» дыбыстары сөз басында тұрақты қолданылатынын және спирант дыбыстардың ішінде ең жиі кездесетін дыбыс екендігін талдап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «s» барлық түркі тілдерінде де сөз басында

қолданылады. Алайда, жалпы түркі тілдерінде «s», ал чуваш тілінде «c» таңбасымен беріледі.

Ал «š» дыбысының қолданылуында сәл ауытқулар кездеседі. Бұл дыбыс қойбал және қач диалектілерінде сөз басында қолданылмайды. Оның орнына үнсіз «j» дыбысы жұмсалады.

Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің басқа көптеген түркі тілдерінен ерекшеленетін басты бір фонетикалық белгінің бірі «š» дыбысының жиі қолданылуы болып табылады. Яғни қазақ тілінде «s» дыбысы қолданылатын орында бірқатар түркі тілдерінде тек сөз басында ғана емес, сөз ортасы, аяғында «š» дыбысы қолданылады. Нақтылай түссек, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде «s» дыбысы қолданылса, ұйғыр, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, түрік, гагауыз, қырым татарлары, башқұрт, түрікмен, татар тілдерінде «š» дыбысы қолданылатын байқау қиын емес.

Қазақ тілінде сөз ортасында кездесетін «s» дыбысы, мәселен, *kisi*, көне түркі тілінде, қырым татарлары, осман түріктері тілінде: *kiši*; қазақ тіліндегі *tös*, *tösö*, алтай, төлеуіт, шор, тілдері мен волга, қарайым диалектілерінде: *töš*, *töšö*, осман түріктері, көне шағатай тілінде, тараншы диалектісінде: *töšä*, ал алтай, төлеуіт тілдерінде кейде *ğ* арқылы айтылады: *töğö*. Міне, мысалдардан байқап отырғанымыздай, тіпті сонау көне түркі тілінен бастап көптеген кейінгі түркі тілдерінде «s» дыбысының орнына (қазақ тіліндегідей) «š» дыбысы қолданылады.

Қазақ тілінде сөз соңында кездесетін «s» дыбысы (*bes*), басқа түркі тілдерінде: *bäš*, *beš*, *biš* түрінде ұшырасады. Қазақ тіліндегі *ğas*, бараба диалектісінде: *jaš*, қазан, төлеуіт, осман, шағатай тілдерінде: *jaš*, қарайым, волга диалектілерінде: *jas*, ұйғыр, алтай тілдері мен қырым диалектісінде: *još*, көне түркі тілінде: *jaš* түрінде жұмсалады. Бұл алмасу түркі тілдері арасындағы фонетикалық бірлікті, не ерекшелікті танудың бір белгісі болып табылады. Бірақ қазіргі қазақ әдеби тілі мен говорларына көз жүгіртсек, бір тілдің өзінде де жалпы түркі тіліне бейімді *c* < *ш* алмасуын аңғаруға болады. Қазақ тілі заңдылығына қарама-қарсы ауызекі тілде «c» орнына «ш» қолдану, әсіресе, оңтүстік өңірде ұйғыр, қырғыз, батыста татар, башқұрт аралас отырған қазақтар тілінен байқалады. Мысалы, әдеби тілде қолданылатын ұқсас, ұйқас, ауыс, маскара, қоста, қыс т.б осы тәрізді сөздер бұл өңір қазақтарының аузында ұқшаш, ұйқаш, ауыш, машқара, кошта, қыш түрінде қолданылып жүр. Бұлай айту көрші халықтардың әсерінен болғандығын растай түсу үшін кейбір түркі тілдерімен салыстырып көрейік:

Кесте 1

өзбек тілі	қырғыз тілі	түрікмен тілі	қазақ сөздері	қазақ әдеби тілі
Шамол	Шамал	Шемал	шамал	Самал
Тош	Таш	Даш	Таш	Тас
Тошла	Ташта	Ташла	Ташта	Таста
Ұхша	Оқшо	Оқшо	Ұқша	Ұқса

Тіпті түркі тілдерінде кейбір с-ш алмасуы ауызекі тілде де, әдеби тілде де қатар да қолданылуы фактілері жоқ емес. Мысалы,

Досыннан біреу де жоқ, дұшпан сансыз [2,43].

Ендігі не дұспандардың қарызын [2,197].

Көркем әдебиеттен келтірген мысалда біз, керсінше, яғни «ш» дыбысының орнына «с» дыбысының қолданылуын байқап отырмыз. Бұл бір тілдің ішіндегі құбылыс болса, жалпы түркі тілінде де осы алмасуды сөз басынан аңғаруға болады. Мысалы, қазақ тілінде сөз басында «ш» қолданылатын орында башқұрт тілінде «с», татар тілінде «ч» дыбысы қолданыла алады:

Кесте 2

қазақ тілі	башқұрт тілі	татар тілі
Шықты	Сықты	Чықты
Шаш	Сәс	Чәч
Шешен	Сәсен	Чәчән

Қорытынды

Сонымен, қазіргі қазақ тіліндегі шұғыл, қатаң, тіл алды «ш» дыбысы көне түркілік дәстүрді сақтай отырып, сөздің барлық позицияларынан еркін көріне алады. Жергілікті говорларда «ч» дыбысымен сөйлейтін көрші халықтардың әсерінен қазақ ауызекі сөйлеу тілінде «ш» дыбысының «ч» дыбысымен алмастырылып айтылуы жиі кездеседі. Мысалы, чач (шаш), қач (қаш), кетші (кечі) т.б. Бұлай айту, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік өңірі мен шығысына тән ерекшелік болып табылады. Сол сияқты «с» дыбысы да барлық түркі тілдеріне тән қолданылатын дыбыс. Тек позиция тұсынан алып қарағанда сөз басында негізінен барлық түркі тілдерінде еркін және тең дәрежеде қолданыла алса, сөз соңында қолданылуында бір тілдерде, мысалы қазақ тілінде, сол еркіндікті сақтап қалса, келесі бір тілдерде «ш» дыбысымен алмасып қолданылу XIX ғасырдың өзінде-ақ аясы тарылғанын аңғарамыз. Мысалы, жабыс – ұйғыр тілінде: жабуш, қазан, бараба диалектілерінде: жабыш;

жуас – төлеуіт диалектісінде: јобош, қатч диалектісінде јобаш; тартыс – түрік тілінде: јыртыш; жұмыс – қарайым диалектісінде: јумуш; тас – көне түркі, ұйғыр, түрік, шағатай, алтай, төлеуіт, шор, қатч, қойбал тілдері мен диалектілерінде; тош т.б.

Міне мысалдардан көріп отырғанымыздай, түркі тілдерінің басым көпшілігі сөз соңында «с» орнына «ш» дыбысын айтады.

Сонымен қатар В.В. Радлов өз еңбегінде жалпы түркілік «б» дыбысының орнына Чуваш тілінде «щ» (ш) дыбысының қолданылатынын атап өтеді (еңбектің 189 тарауы).

Сөз басында «ğ» (ж) дыбысы қолданылатын тілдер қатарында В.В. Радлов тек қырым татарлары, әзірбайжан, осман түріктері, шағатай диалектісі, волга диалектісі, башқұрт, қазақ-қырғыз тілі және якут тілдерін атаған. Қалған түркі тілдерінде бұл дыбыстың сөз басында қолданылуы туралы мәлімет берілмеген. Оның өзінде ғалым бұл дыбыстың сөз басында қолданылуын «z» дыбысы тәрізді кірме сөздермен байланыстырып ğap (жан), ğadu (жалмауыз) ğütlä (бәрі, жұмыла), қырым татарлары тілінде: ğin (жын), ğin (пұт-қытай сөзі) тәрізді тараншы диалектісінен бірнеше мысалдар келтіру арқылы дәлелдеп көрсеткен. Тек шағатай диалектісі мен қазақ-қырғыз тіліне келгенде, ғалым бұл дыбысты түркі сөздерінен де, әсіресе, қазақ тілінде түркі негізді сөздерден жиі байқауға болатынын атап кетеді. Мысалы, шағатай тілінен ğilüap (шұлғау) және қазақ тілінен ğaqsy (жақсы), ğät (жет), ğoq (жoк), ğöp (жөн), ğüz (жүз), ğurt (жүрт) тәрізді сөздерін келтіреді.

Ғалымның пікірінше, көптеген түркі тілдерінде қазақ тілінде қолданылатын орында сөз басында жартылай дауыссыз «i» дыбысы қолданылады. Бұл пікір қазір де ғалымдар арасында қолдау тауып жүр және түркі тілдерін осы қасиетіне қарай «ж» дыбысты (ж - оқающие) және «й» дыбысты (й- оқающие) деп бөлуге мүмкіндік береді деп көрсетеді. Мысалы,

Қазақ тілінде: жарық, жуас, жаз, жүт, жота, жұдырық, оқу, жағармын;

Төлеуіт тілінде: йарық, йаш, йас, йыт, йода, йөдүрүк, йуу, йаһармын;

Чуваш тілінде және басқа көпшілік түркі тілінде «j», ал қазақ тілінде «ğ» дыбысы қолданылатын орында «ç» дыбысы қолданылады. Мысалы, çuk (жoк) = juq, ğoq, çur (жаз) = jaz, ğaz, çyI (жол) = jol, gol, çer (жер) = jar, jir, ğer т.б. [3, 157].

Сөз соңында қолданылатын дауыссыздар қатарында В. Радлов ерекше талдау жасаған дыбыстар қатарында Žž дыбысының түркі тілдеріндегі қолданысын атап кетуге болады.

Ž (ж) дыбысы қазіргі қазақ тілінде сөз соңында қолданылатын фонема ретінде қарастырылғанмен, тек кірме сөздермен ғана байланыстырылады. Мысалы, гараж, лаж, мұқтаж, тәж т.б. Яғни түркі негізді сөздер соңында мүлде кездеспейді десек те болады. В. В. Радлов еңбегінде (257 тарау) түркі

тілінде «z» дыбысына сәйкес айтылатын «ǵ» дыбысы мен «ǰ» (ж) дыбыстары тек кірме сөздерде ғана сөз соңында кездесетіндігін айта отырып, өзірбайжан тілінде жазба тілді білетін адамдар тілінде «ǵ» дыбысы сөз соңында тіпті сөз мағынасын ажыратушылық қызметте де қолданыла алатындығын да айтып кетеді. Мысалы, аǵ сөзі ашығу мағынасында болса, аǵ тұлғасы аш (есікті аш) мағынасында жұмсалады. Екі сөзді бір-бірінен мағына жағынан ажыратып тұрған «ǵ» және «ǰ» дыбыстарының қолданылуы деп ескеріп кетеді. Жалпы түркі тілдерінде бұл дыбыстың сөз соңында сирек қолданылатынына В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігі қамтыған материалдар арасынан бір-ақ тәж сөзінің ғана болуы айғақ бола алады.

Жалпы алғанда, байырғы қазақтың тілінде сөз басында «z» (з) дауыссыз дыбысының өте сирек қолданылғандығы бәрімізге мәлім. Тіпті сөз соңында төл сөздерде кездескеннің өзінде-ақ бұл фонема санаулы қаз, қыз, жаз, таз, сөз, саз, соз, өгіз, ал сөз ортасында қазан, таза, қазақ тәрізді санаулы ғана сөздермен шектелген. Сөздің абсолют басында бірен-саран кірме сөздер (заман, заң, зұлым, зар т.б.) болмаса, негізінен қолданбағаны көне түркі және орта ғасыр жазба материалдарынан белгілі. Соңғы жүз жыл көлемінде орыс тілі арқылы енген сөздердің көптеп келуімен байланысты бұл дыбыстың қолданылу аясы сөздің бірінші және екінші позициясында едәуір кеңейіп отыр. Мысалы, сөз басында зауыт, забой, сөз ортасында база, физика, поэзия, резина, дивизия, ваза. т.б.

XIX ғасыр түркі тілдерінің кейбіреулерінде (басым бөлегінде бұл дыбыс сөз басында кездеспейді) «z» дыбысы сөз басында сирек болса да ұшырасады. В. В. Радлов пікіріне сүйенсек, «s» және «ǰ» дыбысының сөз басында қолданылуы түркі тілдеріне тән құбылыс болса, «z» дыбысы кірме сөздерде қолданылған. Мысалы, zäman (қырым татарлары) zäman (қазақ тілі), zalim (қырым татарлары), zalym (қазақ тілі). Кейбір сирек жағдайда түркі негізді сөздерде де кездесетінін ескеріп, ғалым қазақ тілінен zuyǵı (зырыл), zumǵa (зымыра) тәрізді сөздерді мысалға алады. Жалпы бұл дыбыстың кірмелігін, сөз басында таза айтылуының қиындығын дәлелдейтін басқа түркі тіліндегі бірен-саран жағдайда қазақ тілінде де «z» дыбысына басталатын сөздердің алдынан қысаң дауысты дыбыстың қосылып айтылу фактісі бар. Мысалы, ызалан-залан, ызакор-зақор, ызың-зың, ызындан-зындан, ызарлау-зарлау. Яғни бұл дыбысқа басталатын сөздер де бәрі дерлік болмаса да «л», «р» және екі қатаң дауыссызға басталатын сөздер алдында протезалық құбылысын құрай алады.

Сол сияқты, В. Радловтың пікірінше, бұл дыбыстың сөз соңында кездесуін XIX ғасырда қырғыз тілінен, бараба диалектісінен, түрік тілінен, шағатай және бірен-саран басқа тілдерден байқауға болады. Ал қалған

көпшілік түркі тілдерінде сөз соңында қазақ тілінде «z» (з) қолданылатын позицияда «с» қатаң дыбысын айту қалыптасқан. Мысалы,

Қазақ тілінде: жауыз,

Бараба диалектісінде: јавуз,

Ұйғыр тілінде јавус.

Қазақ тілінде: жұлдыз,

Алтай, Тува, Бараба, Қуарық тілдері мен диалектілерінде: јылдыс,

Ұйғыр тілінде јулдус.

Сол сияқты қазақ тілінде: наурыз (парсы сөзі), қазан диалектісінде наурус, қазақ тілінде намаз (араб сөзі), ұйғыр тілінде намас, қазақ тілінде тајаз, төлеуіт тілінде тајыс, қазақ тілінде тоз, лебедь, сағай, қойбал, қуарық диалектілері мен алтай, шор тілдерінде тос. Бірақ, керсінше де, яғни басқа түркі тілдерінде сөз соңында «з» айтылатын орында қазақ тілінде «с» дыбысы айтылатынын да айтып кеткен жөн. Мысалы, осман түріктері тілінде доз, қазақ тілінде тос, сол сияқты талаз- талас т.б. Өте сирек жағдайда қазақ тілінде сөз соңындағы «з» айтылатын орында қазан диалектісінде «і» дыбысының айтылуы да ұшырасады. Мысалы, жаз-јаі.

Қорыта айтқанда, В. Радлов заманындағы, яғни ХІХ ғасырдың ІІ жартысында түркі тілдерінде қолданылған с, š, z, ž дауыссыз дыбыстарының сол дәуірдің өзінде әр тілде қолданылуында өзіндік ерекшеліктері болғандығы айқын. Қазақ тіліне қатысты айтылған ой-тұжырымдары бүгінгі тілдің болмысын толығымен таныта алатын құнды материал болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Radloff, W. W.** Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882. – 395 s.
- 2 **Аймауытов, Ж.** Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1989. – 157 б.
- 3 **Киекбаев, Ж. Ф.** Хәзәрге башқорт теленә лексикаһы мен фразеологияһы. – ӨФӨ, 1966. – 258 б.
- 4 **Шнайдер, В. А.** В. В. Радлов және түркітану ғылымы : Монография. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 275 б.
- 5 **Шнайдер, В. А.** Түркі және қазақ тілдері вокализм жүйесіне қатысты В. В. Радлов ұстанымдарының интеграциясы. – Павлодар, 2010. – 126 б.
- 6 **Берікбай Сағындықұлы.** Таңдамалы туындылары. – Алматы, 2009. – 379 б.
- 7 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілі дыбыс жүйесі. – Алматы, 2001. – 297 б.
- 8 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы, 2001. – 305 б.

9 **Абуов, Ж.** Сингармоническая основа восприятия тюркской речи. – Алматы : «Ғылым», 1997. – 192 б.

10 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 452 б.

References

1 **Radloff, W. W.** Phonetics of North Turkic languages. [Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882. – 395 p.

2 **Aimautov, Zh.** Таңдамалы шығармалары [Selected works] – Almaty, 1989 – 157 p.

3 **Kiekbayev, Zh. G.** Házarge bashqort teleneñ leksikahy men frazeologiahы [Modern language in the vocabulary of the Bashkir language, phraseological units are changed] – Ufa, 1966. – 258 p.

4 **Schnaide, V. A. V. V.** Radlov jáne túrkitaný gylymy : Monografia. [V. V. Radlov and Turkology : Monograph. – Nur-Sultan, 2019. – 275 p.

5 **Schnaider, V. A.** Túrki jáne qazaq tilderi vokalizm júesine qatysty V.V. Radlov ustanymdarynyñ integrasiasy [Integration of the positions of V. V. Radlov in relation to the system of vocalism of the Turkic and Kazakh languages] – Pavlodar, 2010. – 126 p.

6 **Berikbay Sagyndyk.** Таңдамалы тындылары [Selected works] – Almaty, 2009. – 379 p.

7 **Myrzabekov, S.** Qazaq tili dybys júesi [Kazakh language sound system] – Almaty, 2001. – 297 p.

8 **Myrzabekov, S.** Qazaq tiliniñ aitylym sózdigi. [Dictionary of pronunciation of the Kazakh language] – Almaty, 2001. – 305 p.

9 **Abuov, Zh.** Singarmonicheskaja osnova vospriatia túrkskoj rechi [Syngarmonic basis of the perception of the Turkic speech]. – Almaty, «Science», 1997. – 192 p.

10 **Zhubanov, K.** Qazaq tili jónindegi zertteýler [Research on the Kazakh language] – Almaty, 1999. – 452 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

В. А. Шнайдер¹, Г. К. Резуанова²

Особенности применения гласных s, š, z, ž в некоторых тюркских языках

¹Университет «Туран-Астана»,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

²Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,

Республика Казахстан; г. Нур-Султан,

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматриваются особенности употребления согласных звуков s, š, z, ž в тюркских языках XIX века и дается анализ употребления этих звуков в современном казахском языке. Объект исследования рассматривается на основе работ известных ученых, как Брюке, Сиеверс, Лепсиус, Радлов. Говорится о закономерности соответствия, взаимозаменяемости звуков «с» и «ш» в тюркских языках. Эти звуки могут быть взаимозаменяемыми даже на одном и том же языке. Иногда в литературном языке вместо звука «ш» может использоваться звук «с». Все это доказывается конкретными примерами. По приведенным примерам можно увидеть то, что если в казахском языке в начале слово используется звук «ш», во всех остальных тюркских языках может использоваться звук «с».

Ключевые слова: согласные, тюркские языки, особенности, различие, сходство, обмен, употребление, диалект, современный казахский язык

B. A. Schneider¹, G. K. Rezuanova²

Features of using vowels s, š, z, ž in some Turkic languages

¹University «Turan-Astana»,

Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

²S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,

Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Material received on 18.09.20

The article discusses the features of using the sounds s, š, z, ž in the Turkic languages of the XIX century and analyzes the use of these sounds in the modern Kazakh language. The objects of the study are examined on the basis of the works of famous scientists like Brucke, Sievers, Lepsius, Radlov. It speaks of the regularity of correspondence, interchangeability of the sounds «c» and «w» in the Turkic languages. These sounds can be used interchangeably even in the same language. Sometimes in the literary language, instead of the sound «š», the sound «s» can be used. All this is proved by concrete examples. From the examples given, it can be seen that if the sound «sh» is used at the beginning in the Kazakh language, the sound «c» can be used in all other Turkic languages.

Keywords: consonants, Turkic languages, features, difference, similarity, exchange, usage, dialect, modern Kazakh language

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.
Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz